



БҰЙРЫҚ

16.03.2021

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 250-0

город Нур-Султан

**Мүлікті және істерді
басқарудан шеттету туралы**

Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен «Аригар» ЖШС банкрот болып танылды.

Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің (бұдан әрі - Департамент) 2017 жылғы 20 шілдедегі №354-Ө бұйрығымен «Аригар» ЖШС банкроттық басқарушысы болып Жексембай Кабдибекович Акитаев тағайындалған.

Кредиторлар жиналысының 2021 жылғы 12 ақпандағы хаттамасының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Аригар» ЖШС мүлкі мен істерін басқарудан банкроттық басқарушы Жексембай Кабдибекович Акитаев шеттетілсін.

2. Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасы «Аригар» ЖШС құжаттарын, сонымен қоса мүлкіне қатысты құрылтай, қаржылық және заңмен бекітілетін құжаттарын, сонымен қатар борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күні ішінде өткізуін қамтамасыз етсін.

3. Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасы Заңға сәйкес іс-шаралар жүргізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасының басшысы Е.Т. Далбинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

Қ. Исақов